

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 81'373; МҒТАР: 16.21.45

<https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.473>

Ж.Б. БҰҒЫБАЕВА *

*PhD, Қазақ технология және бизнес университетінің
қауымдастырылған профессоры м.а.
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: tzhan7@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0001-7981-0636>*

СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ТОПОНИМЖАСАМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Әлемдегі барлық жердің атауы себепті. Таудың немесе қоршаған ортаның кез келген басқа объектісінің атауы, мейлі ол кішкентай бұлақ, жер учаскесі, су айдыны немесе тіпті шөл болсын, үлкен мәнге ие және шешілмеген құпияны қамтиды.

Мақала топонимдерді мәдениеттің құнды мұрасы ретінде қалыптастыру мәселесіне арналған, олар «жер тілі» бола отырып, тарихи құбылыстар мәселелерін шешуде материалдық мәдениет жәдігерлеріне, ежелгі және ортағасырлық авторлардың дәлелдеріне қарағанда көп мағлұмат береді. Белгілі бір атаудың тарихи, географиялық және тілдік мағынасы туралы зерттеп, зерделеу сол аумақта тұратын, өмір сүрген ұрпақтың тыныс-тіршілігімен толық танысуға мүмкіндік береді.

Әрбір географиялық атау тарихи әрі оның мағыналық өрісі де кең, олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматты иеленеді, яғни әр түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, халықтар арасындағы қатынастар және басқа да тарихи оқиғаларға бай. Топонимдердің құрамына енетін апеллятивтер объектінің табиғи ерекшеліктерін анықтап береді (жер бедері, өсімдіктер, топырақ, т.б.), сонымен қатар этноним мен антропонимдерден жасалған атаулардың да құрамы мол. Бұл топтағы атаулар өлкенің этногенезінен толық хабар айтады. Жер бетіндегі геонысандар да өздерінің айрықша белгілеріне, сапалық, сандық қасиеттеріне қарай аталған. Олардың ішіндегі бізге маңыздысы сол атаулардың жасалу жолындағы сөз таптарының кездесуі. Мақалада жер-су атауларын жасауда жиі кездесетін есім негізді топонимдер қарастырылып, олардың құрылымдық үлгілері берілген. Зат есімді және сын есімді тұлғалы атаулар басқа сөз таптарына қарағанда белсенді рөл атқарады.

Зат есімдер топонимдердің жасалуында жаңа сөз жасау арқылы белсенді қызмет атқарады. Осыған байланысты топонимдердің құрамдары да алуан түрлі болып келеді. Топонимдік атаулардың құрамында сөзжасамдық жұрнақтар, түбір сөздердің барлық түрі түрлі қарым-қатынаста кездесе береді. Сонымен қатар, зат есімге телеулі жұрнақтардың топонимдік атау жасауда өнімді қызмет атқаратындығын көруге болады.

Кілт сөздер: топонимдер, топонимжасам, сөз таптары, сөзжасам, жұрнақтар, зат есім, сын есім, топонимжасамдық құрылым.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Бұғыбаева Ж.Б. Сөз таптарының топонимжасам жүйесіндегі орны // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №1 (119). – Б. 172–182. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.473>

***Cite us correctly:**

Buğybaeva J.B. Sóz taptarynyń toponimjasam júiesindegi orny [The Role of a Part of Speech in the System of Toponym Formation] // *Iasayı úniversitetiniń habarshysy*. – 2021. – №1 (119). – B. 172–182. <https://doi.org/10.47526/habarshy.vi1.473>

Zh.B. Bugibayeva

*PhD, Acting Associate Professor of the Kazakh University of Technology and Business
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: tzhan7@mail.ru*

The Role of a Part of Speech in the System of Toponym Formation

Each place name has its own history. The name of a mountain or any other object of the environment, whether it is a small spring, a piece of land, a water area or even a desert, is of great importance and contains an unsolved mystery.

The article is devoted to the issue of the formation of toponyms as a valuable cultural heritage, which, being a kind of "language of the earth", often provide more for solving the problems of historical phenomena than the monuments of material culture, the evidence of ancient and medieval authors. The study of the historical, geographical and linguistic meaning of a place name allows you to get acquainted with the life of the people living in this area.

Each geographical name is historical, and its meaning is extensive. They deal with different information depending on the phenomena and changes of time: different wars, folk customs, traditions, relations between peoples and a rich historical past. The appellatives that are part of toponyms determine the natural features of the object (terrain, plants, soil, etc.), and there are also names made up of ethnonyms and antroponyms. The names in this group fully convey the ethnogenesis of the region. Geo objects on earth are also named for their distinctive features, qualitative, and quantitative properties. What matters to us is what parts of speech are used when creating these names. The article discusses the most common toponyms, which are created using nouns, and also provides their structural models. Nouns and adjectives play a more active role in toponymy than other parts of speech.

Nouns actively participate in the formation of toponyms, forming new words. In this regard, the composition of toponyms is also diverse. Toponymic names contain word-forming suffixes, all types of words in various ways. Derived suffixes in the formation of toponymic names and their activity are also considered.

Keywords: toponyms, word formation, suffixes, nouns, adjectives, toponymic structure.

Ж.Б. Бугыбаева

*PhD, и.о. ассоциированного профессора
Казахского университета технологии и бизнеса
(Казахстан, г. Нур-Султан), e-mail: tzhan7@mail.ru*

Роли частей речи в системе топонимобразования

Каждое название местности имеет свою историю. Название горы или любого другого объекта окружающей среды, будь то небольшой источник, участок суши, акватория или даже пустыня, имеет большое значение и содержит в себе неразгаданную тайну.

Статья посвящена вопросу образования топонимов как ценного наследия культуры, которые, являясь своего рода «языком земли», зачастую для разрешения проблем исторических явлений дают больше, чем памятники материальной культуры, свидетельства древних и средневековых авторов. Изучение исторического, географического и лингвистического значения того или иного топонима позволяет познакомиться с жизнью народа, проживающего в этой местности.

Каждое географическое название является историческим, и его значение обширно. Они имеют дело с разной информацией в зависимости от явлений и изменений времени: разные войны, народные обычаи, традиции, отношения между народами и богатое историческими событиями прошлое. Аппеллятивы, входящие в состав топонимов, определяют природные особенности объекта (рельеф, растения, почва и др.), а также имеются названия,

составленные из этнонимов и антропонимов. Имена в этой группе полностью передают этногенез края. Геообъекты на земле также названы по своим отличительным признакам, качественным, количественным свойствам. Для нас важно то, какие части речи используются при создании этих имен. В статье рассматриваются наиболее распространенные топонимы, при создании которых использованы существительные, также приводятся их структурные модели. Существительные и прилагательные играют более активную роль в топонимике, чем другие части речи.

Существительные активно участвуют в образовании топонимов, образуя новые слова. В связи с этим разнообразен и состав топонимов. Топонимические названия содержат словообразовательные суффиксы, все типы слов в различных отношениях. Также рассматриваются производные суффиксы в образовании топонимических названий и их активность.

Ключевые слова: топонимы, словообразование, суффиксы, существительные, прилагательные, топонимическая структура.

Кіріспе

Тіл – ұлттың жаны, халықтың тыныс-тіршілігі десек, жер-су атаулары этноспен бірге жасап, бойына ұлттың мәдениеті мен рухын сіңірген тілдік бірліктер жүйесі. Топонимдердің пайда болуы көптеген жағдайларға байланысты болып келеді. Өмірдегі жаңа заттар, құбылыстар, нысандар ат қоюды қажет етеді. Өмірге келген қандай да бір жаңалық өзіне лайық аталады. Кейбір топонимдер тарихқа байланысты белгілі бір оқиға негізінде атауға ие болған. Ал, осы атаулар тіліміздегі сөздер арқылы бейнеленген. Ал сөздер лексикалық ерекшеліктеріне, грамматикалық категорияларына, түрлену жүйесіне қарай және басқа да белгілеріне орай сөз таптарына бөлінеді. Белгілі ғалым, қазақ тіл білімінің морфология саласының маманы, филология ғылымдарының докторы А. Ысқақов сөздерді лексика-грамматикалық тұрғыда топтастыру – тілдің де, сөздің де құрылымын теориялық және практикалық тұрғыда білу үшін қажеттілігін айтады [1, 126-б.].

Адамның ойлау қабілеті арқылы ақиқат өмірдегі құбылыстардың бәрі таным арқылы санада бейнеленеді. Сөздердің мағыналары ойлау категориясымен тікелей байланысты. Ал, тілдегі кез келген сөз белгілі бір сөз табына телеулі болады. Ол сөздің мағыналық құрылымы мен грамматикалық түрлену жүйесіне де байланысты. Сондықтан ғалым А. Ысқақов сөздерді сөз табына бөлуде: «Сөз табы деп жалпы лексика-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздер тобын айтамыз» – деген анықтама береді [1, 130-б.].

Негізгі бөлім

«Қазақ тілінің морфологиясы» (2007) оқулығында: «Тіл білімінде сөздерді таптастыру белгілі ғылыми негізге сүйеніп, жүзеге асырылады. Ғылымда сөздерді сөз таптарына таптастыруда тірек, негіз болатын үш ұстаным қалыптасқан, олар: 1) сөз табының ортақ семантикалық мағынасы; 2) сөздердің морфологиялық, грамматикалық белгілері; 3) сөздердің синтаксистік қызметі» – деп, осы үш белгісіне жеке-жеке тоқталып сипаттама берген [2, 59-б.]. Осы үш ұстаным негізінде тіліміздегі сөздер зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, шылау деп бөлінеді. Тілімізде олардың әрқайсысының сөздік қоры, құрылымдық, мағыналық ерекшеліктері бар. Сөз таптарындағы сөздер түбір, туынды түбір, туынды сөз сияқты сөзжасам әрекеттері бойынша жасалады.

Топонимдердің морфологиялық құрылымына қарай саралап жіктеу барысында анықтауыштық қызметі жағынан, әсіресе есім сөздердің басым екендігі байқалады. Ең көп кездесетін атаулар зат есім, сын есім, сан есім сөздерден жасалып отырған.

Топонимдерді морфологиялық құрылымына қарай жіктеп, саралау барысында жер-су атауларының сөз таптарынан жасалуы бірдей еместігін байқаймыз. Сан есім, үстеу сияқты

сөз таптарынан жасалған топонимдерге қарағанда, өлкеде етістіктер мен етістік тұлғалы сөздердің қатысуы арқылы жасалған топонимдер дара, біріккен және күрделі тұлғаларда кездеседі. Олардың ішінде етістіктің ашық рай тұлғаларымен қатар көсемше тұлғаларымен келетін топонимдер де аз емес.

Тіліміздегі топонимдер – зат есімдер, оның ішінде ғаламзат есімдері, жалқы есімдерге жатады. Жалпы есімдер мен жалқы есімдердің бір-біріне ауысу мүмкіндіктері бар. Бұл ауысулар топонимдерде де кездеседі. Мысалы, құдық – *Аққұдық, өгіз, арал – Өгізарал, тас – Ақтас, бала, теңіз – Балатеңіз, су – Ақсу, Көксу, Сарысу*, т.б.

Жер-су атауларын жасауға тіліміздегі сөз таптарының ішінен зат есім, сын есім, сан есім және етістік белсенді түрде қатысады. Олардың ішінде үстеу мен одағай негізді топонимдер де кездеседі. Мысалы, *Ожырай, Күркүреуік, Төменарық*, т.б.

Тілімізде зат есім негізді түбір топонимдер – *Батыр, Балға, Базар, Босаға, Лай, Ай, Бұғаз, Жыра, Қошқар, Мырза, Найза, Есен, Үлгі, Қайнар, Қылыш, Боран, Есіл, Нияз, Шұңқыр, Теңіз ауыл, су, өзен, көл, жота, адыр, өзек, тау, сай, елді мекен, канал, қыстау, жайлау, жар*, т.б.

Туынды түбір – *Достық, Ынтымақ, Үміткер, Түндік*, т.б. сияқты топонимдер көптеп кездеседі.

Зат есім сөз табының мағыналық топтары топонимжасауға белсене қатысады. Олар топонимдердің күрделі құрамының басыңқы, бағыныңқы сынарларында аталым мағынасына уәждеме болады.

Заттың сынын, сапасын, түрін, түсін, көлемін және басқа да қасиеттерін білдіретін сын есім сөздер де аталым жасауға белсене қатысады. Мысалы, *Тентек, Қу, Сарысу, Ақтас, Алакөл, Жіңішке, Қызылшоқы, Қызылсу, Қызылағаш, Жуантөбе, Жаңақұрылыс, Жуантөбе, Жастілек, Тегіс жол, Сиректас, Суықөзен, Жындысу*, т.б.

Сан есімдер арқылы жасалған жер-су атаулары Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Мысалы, *Үштөбе, Үшарал, Бесағаш, Жетіген, Жетісу, Тоғызқұдық*, т.б.

Етістік тұлғалы топонимдер тек Қазақстан топонимдеріне ғана тән құбылыс емес, олардың басқа да түркі тілдері топонимдерінің жүйесінде бары кейбір топонимистер еңбегінде бұрыннан айтылып келген.

Бұқпан – Орталық Қазақстандағы және Сарқан өңіріндегі (Жетісуда) мекен аттары. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұқпан сөзінің етістік мағынасын ғана ашыпты. Бұқпан атауларының мәнін объект есебінде «**бұқпа**» немесе «қалқан» есімдерімен тең мағынада деуге болады [3, 84-б.].

Демікпе – Жоңғар Алатауының шоқысының аты. **Демік** (ет. бұйрық райына) + **-пе** қосымшасын жалғау арқылы жасалған ороним [4, 176-б.].

Кешпе – мекен аты. Көне түр. «кешу» (ет.) түріндегі атау тұлғасы. «Кечік, Кечув, Кесік» формаларымен мәндес [5].

Етістіктен жасалған топонимдер зат есім, сын есімдерден жасалған топонимдерге қарағанда аз кездеседі. Олардың ішінде нағыз етістіктен қарағанда етістік тұлғалы сөздерден жасалған топонимдер, көбінесе есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен, -ар, -ер* формалары арқылы жасалып, сол жердің аты ретінде аталып отырған жердегі іс-әрекет, жай-жағдай, белгілі бір болған оқиғадан мағлұмат береді. Етістік тұлғалы жер-су аттары: *Қаишқансу, Ұзынқашқан, Есекқырылған, Спырқырған, Тасқашаған, Жолбұзар, Ұзақөлген, Найзатапқан, Атбайлаған, Есекартқан, Желтимес, Кескенбегім, Көшкентал, Қаишқанбегім, Бөрітүскен, Оразбайқойған, Барсакелмес, Кескентал, Биесойған, Қалмаққырған, Балакескен, Қызкеткен, Күнтимес, Қостіккен, Терісаққан, Төрелді, Қарынсалды*, т.б.

Жер-су аттары – белгілі территорияда өмір сүрген халықтың сөйлеу тілінің жәдігерлері болғандықтан, оларды зерттеудің ғылыми мәні зор. Жалпы халықтық тіл лексикасының занды бір бөлшегі бола тұра, топонимдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол – ең алдымен топонимдердегі тұрақтылық пен көнелілік. Сонымен бірге өмір өзгерістерінің, қоғам

жаңаруы топонимдерде сақталып отырады. Қай жерде, қай елде болсын, оның елді мекені, жер-су атаулары әр түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Ол тікелей саяси-әлеуметтік жағдайларға, халықтың өмір сүру салтына, шаруашылық ерекшелігіне, танымдық өзгешеліктерге, мәдениеті мен дәстүрлеріне байланысты. Жер-су атаулары арқылы халықтың бірнеше ғасырлық тарихын, қоршаған ортаның танымын, тілдік бірліктердің қолданысы және басқа да топонимдер арқылы білуге болатын ұлттық құндылықтар мен құбылыстарды білуге болады. Олар өткен өмірдің, тарихтың куәгерлері ретінде этникалық және мәдени-діни кластың ауысуын көрсетеді. Сонымен қатар, олар аймақтағы ұлттың шаруашылық-экономикалық дамуының да куәгерлері. Топонимика сол жерде өмір сүрген, сол жердің иесі боп табылатын халықтың тарихи сырын, аты-жөнін ажыратумен бірге оның этнографиялық шегін де ажыратады.

Ономастикалық лексиканың басқа топтарына қарағанда топонимдерге ашықтық тән. Ол топожасамдық элементтерді тануға мүмкіндік береді. Топонимдердегі екінші ерекшелік – алуан түрлілік. Ұлан байтақ қазақ жерінің елді мекен, жер-су атаулары өзіне тән, еліміздің өзге аймақтар топонимдеріне ұқсамайтын стратиграфиялық ерекшеліктері бар. Қалай дегенмен де оның негізгі стратиграфиялық қабаттары аймақ топонимиясының ерекшеліктерін анықтауға белгілі бір дәрежеде маңызды рөл атқарады. Топонимдерді зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің көбі географиялық атаулардың этимологиясын, яғни шығу төркінін, семантикасын, құрылымын зерттеуге арналған. Соңғы жылдары ұлттық ономастиканы лингвокогнитивтік тұрғыда зерттеу белең алып отыр.

Сөзжасам тілдің құрылымдық жүйесін зерттеуде туынды сөзді қарастырады. Зат есімдер өмірдегі заттар мен әр алуан құбылыстардың атын білдіретін сөздер екені белгілі. «Зат деген ұғым тек күнделікті өмірде кездесетін әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен оқиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды. Мысалы, *құм, тас, су, шыны, адам, қол, жаңбыр найзағай, сайлау, жүріс, социализм, революция, ұғым, ақыл, сана* деген сөздер зат есімге жатады» [6, 134-б.]. «Туынды зат есім сөздерге тіліміз өте бай. Туынды зат есім сөздердің тілден мол орын алатыны зат есімнің шындық өмірге байланыстылығын былай қойғанда, зат есімнің сөзжасамдық ішкі мүмкіншіліктерінің молдығына, күрделілігіне байланысты. Зат есім сөзжасамында тілдегі сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі белсенді қызмет атқарады» [6, 165-б.].

Ең алдымен зат есімнің елді мекен, жер-суға қатысты жалпы есім тобындағы сөздер: *ауыл, қала, жер, су, жота, су, шың, өзен, көл, теңіз, бұлақ, сай, қыстау, қыстақ, жайлау, үстірт* және т.б. аппелятивтердің топоним жасаудағы қолданыстық ерекшеліктеріне назар аударайық. Аталған аппелятивтер елді мекен, өзен-суларға, жер бедерлеріне қатысты, мекен мағыналы сөздер – жалпы есімдер. Олардың ішінде *ауыл, тау, су, дала* ойконимдік аппелятивтік атауларынан жасалған концептердің қазақ халқының когнитивтік базасынан топонимдік – деректік құндылығымен қатар рухани құндылық екендігін ғалым Қ. Рысбергген көрсеткен. Аталған концептілердің алгоритмдік матрицаларының моделін танымдық тұрғыда зерттеп, концептілердің мағыналық өрістері, қолданысты аяларын саралаған [7, 179–215-бб.].

Бүгінгі күнгі тілдік материалдар бойынша ауыл аппелятиві дәстүрлі көшпелі өмір сүру салтынан өзгеше, онда этникалық ерекшелік сақталмайды. Мысалы, *Мәди атындағы ауыл, Бұхар Жырау ауылы, Бабаев атындағы ауыл* және т.б.

Ауыл – көшпелілердің ең басты және әмбебап қоныстану жүйесі болып табылады. **Ауыл** – бір жерге қоныстанған он-он бес шаңырақтан тұратын, өзара туыстас, киіз үйлі қауым. **Ауыл** – тұрғындарының негізгі бөлігі ауыл шаруашылығының белгілі бір салаларымен айналысатын шағын елді мекен [8, 214-б.]. Берілген аппелятивтер таза топонимдік элементтер. Олар күрделі құрамды зат есім негізді топонимдерде қолданылады.

Ауыл аппелятивінің бүгінгі қолданысында алдындағы тіркесетін сөзі үнемі нөлдік тұлғада келеді. Оны бүгінгі күнгі қолданысына қарай қолданыстық тұрақты нөлдік морфемаға жатқызуға болады.

Ғалым А. Әбдірахманов аталған құбылыс туралы: «Тәуелдеулі сөз ілік септіктің әсерінен туады және логикалық екпін түскенде ғана ілік жалғауы жалғанады. Олай болғанда *Баймырзаның ауылы, Аралдың теңізі* делінеді. Бірақ логикалық екпінмен айтуға болмайтын жағдай ескеріледі. Шынында Аралдың теңізі болуы мүмкін емес, ол керісінше теңіздің аралы болуы керек. Сөйтіп абстракциялана бастаған топонимдер грамматикалық тұлғадан ажырай бастайды» – дейді [9, 67-б.].

Бүгінгі топонимия жүйесінде ілік септігі мен тәуелдік жалғауының тіркесуі арқылы жасалған жер-су аттарында (қала, аудан, ауыл, өзен, көл, т.б.) ілік септігінің нөлдік тұлғада келуі қалыпты жағдай саналады. Оны грамматикалық тұлғаның топонимжасамдағы ерекшелігі деп білуге болады. Кейбір атауларда ілік септігі тұлғасы сақталып жазылады, мысалы, Қазалы ауданында **Достың бұлағы** атты бұлақ бар. Бұл – жер-су аттарына атау берудегі халықтық этимология тұрғысынан пайда болған атау. Бұл туралы ел аузындағы әңгімені Қызылорда топонимикасының мағыналық сырларын зерттеген ғалым Ж. Сәдуақасұлы **Дос** деген атақты бір ру басының қуаңшылық жылы малға су тапшы болып, қырылып жатқанда ауыл жігіттерін құдық қаздырып, су шығарғандығы туралы айтқан. Міне, сол кісінің есіміне байланысты бұлақ аталған. Сондықтан жер-су атауларында ілік септігінің нөлдік тұлғасының да септік жалғауымен қатар қолданылатыны байқалды.

Туынды түбір топонимдер жұрнақтар арқылы жасалады. Зат есімнің орын-жай мәнді білдіретін жұрнақтары бар. «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында тіліміздегі ел тұрағын, орын-жайды, мекенді білдіретін жұрнақтарға: *-стан, -кент, -хана, -дық, -дік* сөз тудырушы қосымшаларды жатқызған. Бұл жұрнақтардың мағынасында да, қолданысында да біраз ерекшелік барлығын айтқан.

-стан жұрнағы халық атына жалғанып, сол халықтың елі, мемлекеті деген мағына береді. Мысалы, *Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан* және т.б. Ол онша өнімді жұрнақ емес.

-кент жұрнағы да мекен атауларын жасайды. Мысалы, *Жаркент, Манкент, Шымкент, Баршынкент*, т.б.

-хана мекеме, орын-жай мағынасын білдіреді.

-дық/-дік жұрнағы да жер, орын мағынасында қолданылады. Мысалы, *Кендірлік, шабындық, егіндік*, т.б. [6, 175-б.]. Осы жұрнақтар қатарына зат есімнен туынды топоним жасайтын *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағын да жатқызуға болады. Көне түркілік сөзжасамдық *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* қосымшасы бір затта екінші бір заттың молдығын, көптігін білдіретін қосымша ретінде қазақ тілінің грамматикаларында, сөзжасам оқулықтарында қатыстық сын есім жұрнағы ретінде танылған.

Аталған жұрнақ туынды сын атауларын білдіруде мағыналық жағынан әр түрлі болып келеді. Қосалқы зат, қосымша нәрсе түріндегі белгіні (жағалы киім), адамның басты қасиетін, өзіндік сапасын білдіреді (салмақты, сабырлы, текті), асыл тасты бұйымдарға қатысты (күмісті, зерлі), тіл білімі терминдеріндегі қолданысы (сұраулы, хабарлы сөйлем, тұрақты тіркес) және басқа да сындық мағыналары туралы «Қазақ грамматикасында» айтылады [10, 343–345-бб.].

«Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында аталған қосымша «Есім сөздерден сын есім жасайтын жұрнақтар» тарауында қабілетті білдіретін жұрнақтар құрамында айтылады [6, 216-б.]. А. Ысқақовтың еңбегінде *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* қосымшасы арқылы белгілі бір заттың я құбылыстың бар екендігін (барлығын) я мол екендігін (молдығын) білдіретін туынды сын есімдер жасалатындығын айтып, оларға *арлы, атақты, әдепті, әсерлі* т.б. мысалдар келтірген. Сонымен қатар, қосарлы сын есімдердің екі сыңарында қолданылып, *ағалы-інілі, ойлы-қырлы, таулы-тасты, өзенді-сулы, үлкенді-кішілі* сынды туынды сын есімдердің жасалатындығы туралы айтқан [1, 173-б.].

Ғалым Б. Қасым аталған жұрнақ туралы: «...топонимжасамда алдыңғы орында көне жұрнақ *-ты* және оның кейінгі қалыптасқан *-лы, -лі, -ды, -ді* жұрнақтарының тұрғаны

көрінеді. Бұл жұрнақтың мәндік-мағыналық қызметін анықтауда жалғанып тұрған түбір сөздің де этимологиясына талдау жасау қажет. Жұрнақтардың атқаратын қызметін анықтау да осыны талап етеді», – дейді [11, 166-б.]. Аталған жұрнақтың қолданыстық ерекшелігі бар. Ол көпфункционалы, яғни көп қызметті жұрнақ. Ол ең алдымен зат есімнің мағыналық топтарын талғап жалғануынан көрінеді.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнағының топонимдерді білдіруіндегі зат есімнің мағыналық топтары:

1) жан-жануарлар, жәндік атауларына жалғанып – *Қоянды, Балықты, Аюлы, Текелі, Шыбынды, Соналы, Арқарлы, Жыланды*, т.б.;

2) өсімдік атауларына жалғанып – *Теректі, Қамысты, Шиелі, Шилі, Алмалы, Талды, Шөпті, Қарағайлы, Қарағанды, Изенді, Қияқты, Ошағанды, Егінді*;

3) жердің ерекшелігіне, қазба байлықтарға байланысты сөздерге жалғанып – *Тасты, Батпақты, Құмды, Жезді, Бақырлы, Арықты, Тұзды*, т.б. жердің, өзен-судың ерекшелігін білдіреді.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтары дара және күрделі құрамдағы топонимдердің басыңқы, бағыныңқы сыңарларында кездесе береді. Мысалы, *Ақтасты* (өзен, көл, ауыл), *Талдыбұлақ, Егіндісу, Желдіқара, Желдіөзек*, т.б. Берілген мысалдар Қазақстан аймақтарында кездесетін географиялық нысандардың атаулары. Олардың уәждемелік құрамдары сол жерді мекендейтін жан-жануарларға, өсетін өсімдіктердің түрлеріне, қазба байлықтардың болуына, т.б. белгілеріне байланысты аталған. Тағы бір жұрнақ **Қайнар, Айрық** топонимдік атауларындағы *-р, -ық* жұрнақтары. Екеуі де геонысандарға байланысты қолданылады. Бірақ, бұлар өте өнімсіз жұрнақтар. *Қайна* етістігінен – *Қайнар, бұлақ* мәнін білдіреді. Топонимдік жүйеде аппелятив ретінде және жалқы есім түрінде кездеседі.

Қайна – етістік. Қатты қызудың әсерінен бұрқылдау, сарқылдау.

Қайнар – зат. Судың шымырлап шығып жатқан жері, бұлақтың басы, бастау.

Айрық – айыр-ық. **Айыр** – етістік, бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару.

Айрық – зат. айрылатын, бөлінетін жер.

-ған/-ген, -қан/-кен жұрнағын омоним қосымша деп танымыз. Ол өткен шақтық мағынаны білдіре отыра, атау мағынасын да білдіре алады. Жер-су атауларының жасалуында өте өнімді, белсенді қызмет етеді. Оның топонимжасамдық қызметі анықтауыштық, заттану (субстантивтену) қызметінен де өзгеше. Ол туралы біз алдыңғы тарауларда айтқан болатынбыз.

Кірме сөзді топонимдердің құрамында *-овка, -инск, -ов, -ев, -ое, -ское, -ин, -ка* сынды жұрнақтар кездеседі. Бұл – қосымшалар жалқы есімдерге ғана жалғанатын жұрнақтар. Мысалы, *Волков, Гагарин, Минтковка, Покорное, Киевка, Киевское, Майоровка, Осакаровка, Святогоровка, Шахтинск, Сокобеловка, Ефремовское, Захаровка, Ивановка, Пашенное* және т.б.

Келесі мәселе зат есімнің лексикалық мағынасы түрлендіретін реңк мәнін қосатын 24 жұрнағының ішінде жер-суға қатысты *-ес* (белес, дөңес), *-қа* (қырқа), *-ат* (қырат), *-қал* (шатқал), *-пат* (ойпат), *-шық* (таушық, көлшік, төбешік, *Бақыршық* (кен орны) жұрнақтарын атауға болады.

Күрделендіру тәсілі – зат есім сөзжасамының негізгі тәсілі болып саналатындықтан, топонимжасамда да негізгі тәсіл саналады. Топонимдік жүйеде күрделендіру тәсілімен жасалған атаулар өте көп. «Зат есім сөзжасамының күрделендіру тәсілі деп, заттық атаулардың екі не одан көп лексикалық мағыналы сөздердің бір заттық атау жасауы аталады» [6, 196-б.].

Тіліміздегі біріккен түбірлі топонимдердің құрамдары алуан түрлі. Солардың ішінде зат есім сыңарлы топонимдерге мына құрылымдағы, үлгідегі атауларды жатқызуға болады:

1. Екі сыңары да зат есімді [зат есім + зат есім] – *Жартас, Құмадыр, Қансүйек, Керегетас, Тасшоқы, Қымызқұдық, Баймырза, Балатеңіз, Белағаш, Айнабұлақ, Бетпақдала,*

Майөзек, Майқұдық, Жарқұдық, Саумалкөл, Тасауыл, т.б. Олардың сыңарларының мағыналық топтары да әр түрлі.

2. Үш сыңары да зат есімді [зат есім + зат есім + зат есім] – *Бектауата*, т.б.

3. Бағыныңқы сыңары туынды түбір зат есім, басыңқы сыңары түбір зат есімді [зат есім + жұрнақ + зат есім] – *Арықтыкөл, Қайыңдықөл, Борлысай, Құмдықөл, Шөптікөл, Батпақкөл*, т.б.

4. Бірінші сыңары сын есім, екінші сыңары зат есімді топоним [сын есім + зат есім] – *Қоңыртөбе, Ақтоғай, Қарадыр, Қызыларай, Ақбел, Ақжар, Ащысу, Жаңақала, Жаңаталап, Жастілек, Жындысу, Көктал, Қаражар, Қаракөл, Қуөзек, Қызылжар, Қызылту, Қаражар*, т.б.

5. Екі сыңары сын есім, бір сыңары зат есімді [сын есім + сын есім + зат есім] – *Шолаққарасу*, т.б.

6. Бағыныңқы сыңарлары зат есім мен сын есім, басыңқы сыңары зат есім [зат есім + сын есім + зат есім] – *Текеқараөзек*, т.б.

7. Бағыныңқы сыңарлары сын есім мен зат есім, басыңқы сыңары зат есім [сын есім + зат есім + зат есім] – *Қарақойтас*, т.б.

8. Есімше тұлғалы етістікпен зат есімнің бірігуі [етістік + жұрнақ + зат есім] – *Қорғанкөл*, т.б.

9. Сан есім мен аппелятив зат есімінің бірігуі [сан есім + зат есім] – *Тоғызқұдық, Төрткөл*, т.б.

10. Бағыныңқы сыңары негізгі түбір зат есім басыңқы сыңары -ған тұлғалы етістік [зат есім + етістік + -ған/-ген жұрнағы] – *Алтынқазған, Алтынтапқан, Атөлген, Айғырөткен, Тайқамалған, Тайсойған, Тайкүйген, Ботажуылған, Тоқтысалған, Текежайылған, Ешкіөлген, Құлынкеткен, Өгізөлген*, т.б.

11. Келесі құрылымда бағыныңқы сыңарлары сын есім мен зат есім, басыңқы сыңары -ған/-ген тұлғалы етістік [сын есім + зат есім + етістік + -ған/-ген] – *Ақтүйеөлген, Қарабие жоғалған*, т.б.

12. Келесі топонимнің құрылымы [зат есім + етістік + -ма, -с жұрнағы + зат есім] – *Биесимассай*, т.б.

Берілген күрделі құрылымдардан күрделі құрамда зат есім уәждемелерінің орындары әр түрлі екендігін байқауға болады. Зат есімдер зат есіммен, сын есіммен, сан есіммен, етістікпен бірігіп күрделі топоним жасайды. Алайда, күрделі топонимдік құрылымдардағы сөз таптарының орын тәртіптері ауыспалы болып келеді.

Зат есімдердің қатысуы арқылы жасалынған топонимдерде жиі кездесетін зат есімнің мағыналық топтары:

1. Адамның дене мүшелерін білдіретін сөздердің мағыналық тобы (соматикалық атаулар) – **Баскөкше, Басбұлақ, Милысай, Төбекұм, Аймандай, Қарақас, Мойынкұм, Жүрекадыр, Майжүрек, Құлақтыкөл, Кіндіқтау, Кіндіккөл, Беласар, Көктырнақ, Ақбақай, Тасмұрын, Мұрынсу, Сарыарқа, Жаңаарқа**, т.б.

2. Қазба байлықтары, метал өндірісіне байланысты мағыналық топ – **Алтынқазған, Алтынтас, Алтыншоқы, Мыстөбе, Тоғызкен**, т.б.

3. Ауа-райының суықтығын, боранды, желді, қары қалың жерлерді анықтайтын мағыналық топтан жасалған топонимдер – **Ақкүрті, Алақар, Желағаш, Желдіқара, Желдіөзек, Желтау, Желтал, Желқұдық, Қарлыбұлақ, Қаркүре, Қарлыбейіт, Самалшоқы, Сарықар, Шаңдақбұлақ, Шаңдақсор, Шаңдыауыл**, т.б.

4. Жан-жануарларға қатысты мағыналық топ – **Жылқышықос, Бұзауауа, Бұғыжолақ, Ақтайынша, Алтысыыр, Шұбарбие, Ақтүйеөлген, Атөлген, Айғырөткен, Биесимассай, Ешкіөлген, Құлынкеткен, Өгізөлген, Тайқамалған, Тайсойған, Тайкүйген, Ботажуылған, Тоқтысалған, Текежайылған, Жетіжабағы, Қойбағар, Қойқамаған, Қойқырылған, Қойсоймас көл, Қойбағыс**, т.б.

5. Өзен-суға қатысты мағыналық топ – **Ақтоған, Беларық, Бұрғанарық, Жаңатоған, Қазынатоған, Көктоған, Қоңыртоған, Тасарық, Тастоған, Алтынарық, Ақбұлақ, Мүзбұлақ, Ащыөзен, Ащысу, Тұздықөл, Қаражылға**, т.б.

6. Өсімдік атауларының мағыналық тобы – **Шилісай, Талқара, Қарағансай, Талдықорған** және т.б.

7. Тұрмыстық құрал-сайман атауларының мағыналық тобы – **Найзақамыр**, т.б.

8. Әлем кеңістігіндегі денелері мағыналық тобы – **Бозай, Айбас, Айқыз, Күнбел**, т.б.

9. Туыстық атаулар мағыналық тобы – **Баладерсін, Балатүндік, Бектауата, Балатөңіз, Атабұлақ, Қыземшек, Егізқыз**, т.б.

10. Діни ұғымдар мағыналық тобы – **Әулиесу, Қарамола, Ақбейіт, Бейітбұлақ, Қоңырәулие, Иманқұт, Қажыауыл**, т.б.

11. Егін шаруашылығы мағыналық тобы – **Егінсу, Егінбұлақ, Бесқауға, Қызылегіс, Қараегін, Байқоныс**, т.б.

12. Адам есімдері сыңарлы күрделі топонимдердегі есімдер тобы – **Тәттімбет, Ноғайсай, Негербек, Райымбек, Рысбай, Түменбек, Есенбай, Байжаннұра, Арғынбай, Есілбай, Жұмабай**, т.б.

Күрделі құрамды жер-су атауларының құрамында зат есімнің мағыналық топтары бұл тізіммен аяқталмайды. Бұл талдауға жиі кездесетін сөздер тобы алынды.

Жер-су атауларының ішінде жалпылық мағынадан атау мағынасына көшкен зат есім сөздері жиі кездеседі. Сөз мағынасын өзгерту, жаңа атау мағынасын беру – топонимжасамда өте жиі қолданылатын өнімді тәсіл. Топонимдену арқылы екінші мағынаға ие болған сөздер жеріміздің барлық өңірлерінде бар. Олар ешбір сөзжасамдық бірліктің көмегінсіз екінші мағынаға ие болғандықтан, топонимжасамдық мағына тәсіліне жатады.

Тілімізде мағына тәсілімен географиялық термин – аппелятивтерден жасалған жер-су аттары өзіндік бір топ құрайды. Мысалы, жер бедерінің түрлерін білдіретін – *Дала, Жота, Адыр, Арал, Арық, Түбек, Теңіз* және т.б.

Мағына тәсілі арқылы жасалған жер-су аттарының құрамы түбір, туынды түбірлі болып келеді. Себебі олардың кейбіреулерінің бірінші туынды мағыналары сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалынып, белгілі бір заттың, құбылыстың аты ретінде пайда болған. Ал екінші атауы – топонимдік атау – заттың, құбылыстың жер-су, елді мекеннің сыртқы формасына, қандай да бір қасиетіне орай қойылған атау. Олар метафоралану арқылы туған атаулар қатарына жатады. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға атау беруде адам өзінің метафоралы ойлай білу қабілетін кеңінен пайдаланады. Бұл туралы ғалым Б. Қасым: «Метафора – адамзаттық ойлау және танымдық қасиеттерінің негізінде бір заттық, құбылыстық ерекшеліктердің, екінші реалийлермен салыстыру, ұқсату арқылы ортақ белгілерді табудың негізінде «түс, пішін, көлем, қасиет, т.б. күрделі атау жасау» – деп, күрделі атаулардың көлемді бөлігін құрайтын біріккен атаулардың жасалуында метафоралану өте белсенді қолданылатындығын айтады [12, 67-б.].

Метафора өзінің табиғатында бейнелік сипатта болады. Ол – бейнелілік метафоралардың негізгі ұстанымы. Топонимдік аталымдардың метафоралануын олардың ішкі мағыналық құрылымдары арқылы көруге болады. Аталымдардың белгілі кезеңдерін басынан өткізген метафоралардың бейнелілігі тек олардың ішкі мағыналық құрылымдарында сақталады.

Тілдік метафоралардың қолданысы туралы ғалымдар В.Г. Гак, Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия, Б. Қасым құнды пікірлер айтып, оларды қолданысына, сөз жасау қабілеттеріне қарай жіктеген. Б. Қасым жіктеуінде метафора 1) атауыштық – ұқсату, салыстыру құбылыстарының түрлі белгілері қолданылады (ботағоз, бөріқарақат, егеуқұйрық, т.б.; 2) танымдық метафора – ғаламшар, бойтұмар, беташар, тұсаукесер, атамекен, т.б.; 3) экспресивті-бағалауыштық – жексұрын, оқжылан, жолбике, су ми, т.б. [11, 57-б.].

Ғалым Қ. Рысберген топонимдік метафоралық аталым түрлері туралы толық ғылыми сипаттама берген. Ғалымның пайымдауынша метафораланған этномәдени кеңістікке ұлттық жер-су атауларын жатқызуға болады. Оларды рухани және материалдық мәдениет түрлеріне бөліп, метафоралық номинацияға дереккөз ретінде қазақ тіліндегі этнографиялық лексиканы жатқызған [2, 124-б.].

Топонимдік атаулар – таныммен байланысты күрделі аталымдар. Топонимжасамдағы бейнелілік, образды нысан атаулары белгілі бір ұқсастық бейнесімен теңестіру арқылы атау жасауда адамның ассоциативті ойлауымен тікелей байланыста іске асқан. Топонимжасамда метафоралық мағына ауысуы – жиі қолданылатын құбылыс. Ол жоғарыда ғалымдар көрсеткен таным үрдісінің нәтижесі. Ғалымдар тілдік метафораны топонимжасамның барлық тәсілдеріне қатысы туралы айтқан. Біз де ғалымдар пікіріне қосыламыз. Топонимдік атаулар құрамында күрделендіру, жұрнақ тәсілі арқылы жасалған жер-су аттарында да метафоралық құбылыс өте көп кездеседі. Жер-су атауларының мағына тәсілімен жасалуында метафоралық ауысу белсенді қолданылады. Әсіресе ол мағына тәсілі арқылы жасалған геонысандар атауларында айқын байқалады. Мағына тәсілі арқылы ауысқан топонимдерге – *Қазық, Саяқ, Найза, Бекет, Үлгі, Үміткер, Шақпақ, Қылыш, Шаңырақ, Түндік, Малай, Теңіз, Өндіріс, Шахтер, Батпақ, Бұйрат, Анар, Пионер, Қу, Есіл, Есен, Ермек, Еркін, Сарт*, т.б. жер-су атауларын жатқызамыз. Олар да әр түрлі мағыналық топтардан жасалады.

Мағына тәсілі арқылы жасалған топонимдердің тұлғалық және мағыналық құрылымдары – тіл білімінің бүгінгі ғылыми парадигмасы тұрғысынан, яғни танымдық және топонимжасамдық зерттеуді қажет ететін құбылыс. Қазақ тіл білімінде Н. Оралбай, Т. Жанұзақов, Б. Қасым, Қ. Рысберген, А. Жартыбаев, Б. Глеубердиев, Ж. Балтабаева, К. Құрманәлиев және т.б. ғалымдар жаңа мағына тудырудың когнитивтік, сөзжасамдық негіздерін, ғылыми ұстанымдары мен қағидаларын саралап көрсеткен.

Қорытынды

Ұлттық ономастиканың бір бөлігі саналатын топонимдердің жасалуындағы топонимжасамдық бірліктер, уәждемелер сөз таптарымен тікелей байланысты. Өмірдегі әр алуан түрлі заттар мен құбылыстар, олардың сындық, сапалық белгілері, басқа да қасиеттері, сандық ұғымдар мен амал-әрекеттер, қимыл-қозғалыс аттары топонимдердің бойынан табылады.

Зат есімдер, олардың ішінде жалпы, жалқы есімдер де геонысан атауларын жасауға қатысады. Ол ең алдымен географиялық терминге айналған *ауыл, қала, дала, шөл, тау, сор, жота, өзен, су, көл, теңіз, төбе*, т.б. жалпылық мәнінде қолданылатын сөздер. Екіншіден, адамдардың, рулардың аттары, этнонимдер – жалқы есімдер. Олар байырғы кезде, қазақ ұлтының енші беріп, балаларын бөлек шығаруынан қалыптасқан патронимдік жүйеге байланысты ілік септігі сөзімен тәуелдік жалғауы тіркесінен тұратын *Абайдың ауылы* сынды атаулар. Оның ішінде бүгінгі қолданыста ілік септігінің түсіп қалып, нөлдік тұлғада келуі топонимдік атауларда қалыптасқан құбылысқа жатады. Мысалы, *Бәжсей ауылы, Құнанбай ауылы*, т.б.

Топонимдерде кездесетін тағы бір ерекшелік – күрделендіру тәсілімен жасалған тіркесті елді мекен атауларының екінші сыңарының тәуелдік жалғауында келіп, бірінші сыңарында нөлдік тұлғаның болуы. Мысалы, *Матай стансасы, Алматы қаласы*, т.б. Тіркесті күрделі атаулардың сыңарларының ортасында атындағы сөзінің қолданылуы, мысалы *Мәди атындағы ауыл, Бабаев атындағы ауыл*, т.б.

Зат есімде елді мекен мәнін білдіретін жұрнақтар тобы бар. Топонимдердің жасалуында *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағының рөлі ерекше. Аталған жұрнақ грамматикаларда, сөзжасам оқулықтары мен ғылыми басылымдарда сын есім тудырушы сипатта берілген. Ал, топонимжасамдық ерекшелігі айтылмаған. Біздің пайымдауымызша көне дәуірлерден келе жатқан *-лы/-лі* жұрнағы топонимжасаушы белсенді жұрнақ. Ол жұрнақ тәсілі арқылы зат

есімнен зат есім, жалқы есім жасайды. Күрделендіру тәсілі арқылы зат есімдер бірнеше құрамда және үлгіде топоним жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 403 б.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: оқулық. – Алматы, 2007. – 390 б.
3. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су атауларының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
4. Аршабеков Т.Т. Қарағанды облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 382 б.
5. Тлеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 280 б.
6. Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Инжу-Маржан, 2014. – 290 б.
7. Рысберген Қ.Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері: филол. ғыл. док. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2010. – 300 б.
8. «Қазақстан Республикасы. Әкімшілік-аумақтық бірліктер атаулары. Анықтамалық / Құраст.: Т. Жанұзақов, Қ.Қ. Рысберген, Н.Б. Оңғарбаева, А.Д. Серікбаева, Н.Т. Бармешова. – Алматы, 2016. – 578 б.
9. Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: ҚазССР Ғылым Академиясы, 1959. – 219 б.
10. Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.
11. Қасым Б. Қазіргі қазақ тілінің теориялық және қолданбалық аспектісі: ғылыми мақалалар. – Алматы: ЖК Волкова, 2010. – 371 б.
12. Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 85 б.

REFERENCES

1. Ysqaqov A. Qazirgi qazaq tili. Morfologiya. – Almaty: Mektep, 1974. – 403 b. [in Kazakh].
2. Oralbai N. Qazirgi qazaq tiliniń morfologiasy: oqýlyq. – Almaty, 2007. – 390 b. [in Kazakh].
3. Januzaq T. Tarıhı jer-sý ataýларыnyń túptórkinı. – Almaty: «Sózdik-slovar» JShS, 2010. – 356 b. [in Kazakh].
4. Arshabekov T.T. Qaraǵandy oblysy toponımderi. – Nur-Cultan, 2020. – 382 b. [in Kazakh].
5. Tleýberdiev B. Qazaq onomastikasynyń lingvokognitivtik aspektileri. – Almaty: Arys, 2006. – 280 b. [in Kazakh].
6. Oralbai N., Qurmanalıev K., Baltabaeva J. Qazaq tiliniń sózjasamy. – Almaty: Injú-Marjan, 2014. – 290 b. [in Kazakh].
7. Rysbergen Q.Q. Qazaq toponimiasynyń lingvokognitivtik jáne etnomádenı negizderi: filol. ғыl. dok. ... dis.: 10.02.02. – Almaty, 2010. – 300 b. [in Kazakh].
8. «Qazaqstan Respyblıkasy. Ákimshilik-aýmaқтыq birlikter ataýлары. Anyqtamalyq / Qurast.: T. Januzaqov, Q.Q. Rysbergen, N.B. Ońǵarbaeva, A.D. Serikbaeva, N.T. Barmeshova. – Almaty, 2016. – 578 b. [in Kazakh].
9. Ábdirahmanov A. Qazaqstannyń jer-sý attary. – Almaty: QazSSR Gylym Akademiasy, 1959. – 219 b. [in Kazakh].
10. Qazaq grammatikasy. – Astana: Elorda, 2002. – 783 b. [in Kazakh].
11. Qasym B. Qazirgi qazaq tiliniń teorıalyq jáne qoldanbalyq aspektisi: ғыlymı maqalalar. – Almaty: JK Volkova, 2010. – 371 b. [in Kazakh].
12. Qasym B. Qazaq tilindegi zattyń kúrdeli ataýларыnyń teorıalyq negizderi: filol. ғыl. dok. ... avtoref. – Almaty, 2002. – 85 b. [in Kazakh].